


ішпекте айналады да, жұдырықшаның үстінде дөңгелеген кезде үйкеліп сырғанауы тербелмелі үйкеліске айналады. Түрткіштің үстіне штанга 4 орналасады. ЗИЛ, ЗМЗ-33-11 мен КамАЗ қозғалтқыштарында цилиндрлі түрткіштер 7 қолданылады және арнайы ойықтағы – бағыттауыш орналастырылады. КамАЗ дизельді қозғалтқышында алынатын бағыттауыш орнатылған. түрткіштің ішкі қуысын штанганың астына арнап сфера 10 тәрізді және май ағатын тесік 9 жасалынған. Болат түрткіштердің

жұдырықшамен түйсетін шеткі бетінің 8 жұмыс істеуін арттыру үшін, оны арнайы қажалуға төзімді шойыннан балқытып жасайды.



3.5. сурет. Дизельдің клапандар жетегінің бөлшектері

4 сурет

Штангалар. Түрткіштен берілген күшті күйентеге жеткізу үшін штангалар қолданылады. Штангаларды қатты болаттан екі шетін төзімді етіп шыңдап (ЗИЛ қозғалтқышында), немесе дюралюминді стерженьнен екі шетіне болаттан ұштық (ЗМЗ-33-11, ЗМЗ-«Волга» қозғалтқыштарында) бекітіп жасалады. ЯМЗ мен КамАЗ дизельдерінің штангалары 4 болат түтіктен жасалады.

(3.5.суретте) Штанганың екі шетіне болат сфералы ұштықты 11 престеліп орнатылып, бір шеті күйентеге 6 бұралған реттегіш винттің 5 сфералық бетіне тіреліп, ал екінші шеті итергіштің ішіне кіріп тұрады.